

2 Бөлім.
АУДАРМА ТЕОРИЯСЫ ЖӘНЕ ПРАКТИКАСЫ
САЛАСЫНДАҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕР
Раздел 2.
ИССЛЕДОВАНИЯ В ОБЛАСТИ ТЕОРИИ И
ПРАКТИКИ ПЕРЕВОДА
Part 2.
RESEARCHES IN TRANSLATION THEORY AND PRACTICE

ӘОЖ 82-31:81'255.2:821.512.122(574)
ГТАХР 17.82.10
<https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.2.77.018>

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ «СҮЙЕМІН» ӨЛЕҢІНІҢ
ЛИНГВОПОЭТИКАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ОРЫС, АҒЫЛШЫН
ТІЛДЕРІНЕ АУДАРЫЛУЫ

*Алпысбаева А.Е.¹, Манапбаева Ж. Ж.²,
Молдасанова А.Ә.³, Шолахова А.А.⁴

*¹аль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
^{2,3,4}Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Мағжан Жұмабаевтың «Сүйемін» өлеңінің лингвопоэтикасы (көркемдік-бейнелеуіш құралдар, мәдени лексика, өлеңнің сыртқы формасы) және оның орыс, ағылшын тілдеріне аударылу ерекшеліктері қарастырылады.

Зерттеудің мақсаты, негізгі бағыттары мен идеялары – поэзияның аудармасы әрдайым аударманың жеке санатына жатады, өйткені поэзия жанр ретінде өзіне тән сипатына байланысты аудармашының ерекше назарын қажет етеді. Поэтикалық мәтіннің ерекшелігі оның мәдени, ұлттық ерекшеліктеріне де, ол жазылған тілдің құрылымдық ерекшеліктеріне де байланысты. Сол себепті зерттеу жұмысының мақсаты Мағжан Жұмабаевтың «Сүйемін» өлеңінің негізінде қазақ тілінен орыс, ағылшын тілдеріне поэзия аудармасын жасаудың мазмұндық-құрылымдық трансформацияларын, заңдылықтарын анықтау және тұжырымдау болып табылады.

Жұмыстың ғылыми және практикалық маңыздылығы – мақалада поэтикалық аудармада ықтимал аударма мәселелеріне қатысты ғалымдардың ой-тұжырымдары жан-жақты қарастырылады. Бұл зерттеудің теориялық құндылығын құрайды. Орыс тіліндегі екі аударма нұсқасын түпнұсқамен салыстыра отырып талдап, авторлар ағылшын тіліндегі аударманың өзіндік нұсқасын ұсынады және бұл жұмыстың практикалық құндылығын көрсетеді.

Зерттеу әдіснамасының қысқаша сипаттамасы – түпнұсқа/аударма жұбында өлеңнің ішкі және сыртқы формасына салыстырмалы семантикалық, құрылымдық талдау жасалды.

Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен талдауы, қорытындылары – өлеңдерді аударудың негізгі міндеті тек семантикалық ғана емес, сонымен қатар мәтіннің құрылымдық, стилистикалық, көркемдік және бейнелік бірлігін сақтау болып табылады деген қорытынды жасалады. Осы мақсатта поэтикалық шығармаларды аудару процесінде өлеңнің құрылымы мен мазмұнының тұтастығына қол жеткізу үшін бейнелердің семантикалық дамуын қолдануға болады. Талдау нәтижесінде аудармаға тілдік және мәдени ерекшеліктермен қатар, аудармашының гендерлік тұлғасы да әсер еткені болжанды.

Зерттеудің құндылығы мен жұмыс қорытындысының практикалық маңызы – отандық аударматану ғылымында М. Жұмабаев поэзиясының орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармалары лингвопоэтика тұрғысынан зерттелмеген. Сол себепті талдау нәтижесі ақын өлеңдері аудармаларының сапасын анықтап қана қоймай, ары қарай да жоғары деңгейде тәржімеленуіне септігін тигізеді.

Тірек сөздер: Мағжан Жұмабаев, поэзия, лингвопоэтика, поэтикалық аударма, стиль, көркемдік-бейнелеуіш құралдар, ұйқас, ырғақ

Кіріспе

Поэзия аудармасы қай заманда да аударманың ең күрделі саласы болып саналады және тіпті асқақ өнермен теңеледі. Поэтикалық мәтін эстетикалық ақпаратты беру құралы және осы ақпараттың объектісі болып табылады. Поэтикалық мәтінде оның ұйымдастырылу ерекшелігіне байланысты мағынаның қалыптасу механизмі толығымен өзгереді. Сөйлеудің әрбір элементі бір-бірімен вертикальді және горизонтальді әрекеттеседі, қосымша мағына алады. Поэтикалық контекст әрбір сөздің көп мағыналылығын арттырады, соның нәтижесінде сөз қосымша мағыналық реңктерге ие болады.

Поэтикалық аударманы жүзеге асырмас бұрын жазушы (ақын) өмір сүрген уақыттың ерекшеліктерімен танысып, авторды өлең жазуға итермелеген алғышарттарды түсіну керек. Сондай-ақ, автордың өмірбаянын зерттеп, бірнеше басқа шығармаларды оқып, оның шығармашылығының сынымен танысу пайдалы. Мұның бәрі аударылатын ақынның идиостилін түсінуге көмектеседі.

Идиостиль (жеке стиль) – бұл белгілі бір автордың шығармаларына тән мазмұнды және формальды лингвистикалық сипаттамалар жүйесі, бұл осы шығармаларда бейнеленген лингвистикалық экспрессияның авторлық тәсілін ерекше етеді. Аударылатын туынды авторының идиостилін ескеру олардың аударма кезінде бірінші кезекте сақталуы тиіс ерекшеліктерін түсіну үшін маңызды. Бұл жағдайда аудармашы автордың шығармаларына енгізілген мағыналық және эстетикалық ақпаратты жоғалтпай, формальды тілдік сипаттамаларды сақтайды.

Шетелдік автордың шығармасы аударматілі елінің ұлттық мәдениетінің бір бөлігі болуы үшін аудармашы көп күш салуы керек. Өйткені поэтикалық аударма түпнұсқаға тек семантикалық (стилистикалық, прагматикалық) мағынада адекватты болса, оны тұтастай адекватты деп санауға болмайды. Жалпы адекваттылық прагматикалық, семантикалық және стилистикалық сәйкестіктің оңтайлы өнімі ретінде анықталады.

Көптеген аудармашы ғалымдар әртүрлі стильдегі мәтіндермен жұмыс істей отырып, поэзия аудармасын жеке категорияға жатқызуға бейім, өйткені кез келген басқа мәтіндердің аудармасынан айырмашылығы, поэзия аудармашыдан мүлдем ерекше көзқарас пен қатысымды талап етеді. Егер поэтикалық мәтіндерге тән белгілер туралы айтатын болсақ, онда, И.С. Алексееваның бақылаулары бойынша, олар, ең алдымен, форманы қатаң сақтау, сондай-ақ мазмұнды осы формада көрсетумен (мәтінді ерекше ырғаққа бағынатын рифмалық жолдармен ұйымдастыру) сипатталады [1, 201 б.]. Басқаша айтқанда, қолданылатын стилистикалық компоненттер, авторлық ойды білдірудің құралдары аударма мәтінінде қандай да бір жолмен берілуі керек. Мұның бәрі аудармашылар үшін белгілі бір қиындықтар туғызады.

В.В.Сдобников пен О.В.Петрова поэтикалық мәтіндердің өзінде, оларды аудару барысында туындайтын мәселелерді де ажырататын бірқатар белгілер барын алға тартады. Бұл мәселелердің барлығын авторлар шартты түрде екі топқа бөледі, оның біріншісі – ұлттық және авторлық поэтикалық ойлау ерекшеліктерімен байланысты болса, екіншісі – тіл құрылымымен де, әр халықтың арасында қалыптасқан салт-дәстүрімен де айқындалатын өлең формасының ерекшеліктерімен байланысты [2, 411 б.]. Шынында да, поэзияны аударатын аудармашыларда түпнұсқа мәтіннің рифмі мен өлшемін сақтау мүмкіндігі/мүмкін еместігі, сондай-ақ аудармада экспрессивтік құралдардың, ассоциациялардың және әсерлердің барлық алуан түрлілігін жеткізу мүмкіндігі/мүмкін еместігі туралы сұрақтар жиі туындайды. Өкінішке орай, поэзия аудармасы аудармашы қосымшаларды, ескертулерді, түсініктемелерді, поэтикалық мәтіндерді пайдалана алатын прозаға қарағанда, ондағы танымдық емес, эмоциялық ақпараттың басым болуына байланысты оған мұндай мүмкіндік қалдырмайды. Батыстық аударма дискурсында да осы тәріздес ойлар тұжырымдалған. Д. Вайсборт поэтикалық аударманы «қос лабиринт» [3, 10 б.], ал П. Робинсон тіптен мүмкін емес өнер (art of impossible) [4, 9 б.] деп атайды.

Екінші жағынан, тәжірибе көрсеткендей, поэзияны аударуға тырысқан аудармашылар көбінесе поэтикалық мәтіннің түпнұсқасының формасын қайта құруға байланысты, атап айтқанда түпнұсқаның ұйқасы мен өлшемін мүмкіндігінше сақтау қиындықтарымен бетпе-бет келеді. Бұл жағдайда туындайтын қиындықтар аударылатын тілдегі бастапқы тілдің сөздеріне лексикалық сәйкестіктердің көбінесе рифмаға ұшырамауымен және мүлде басқа буындық және екпінді құрылымға ие болуымен байланысты.

Поэзия аудармасының аталмыш қиындықтарын ескере отырып, мақалада алғаш рет М. Жұмабаевтың «Сүйемін» өлеңіндегі көркемдік-

бейнелеуіш құралдардың орыс және ағылшын тілдеріне аударылу ерекшеліктері анықталады.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Зерттеу материалы М. Жұмабаевтың әрқайсысы 9 жолдан тұратын 3 шумақтан құралған «Сүйемін» өлеңі және оның орыс тіліндегі екі нұсқадағы аудармасы мен ағылшын тіліндегі біз ұсынған аудармасы. Орыс тіліндегі аударма авторлары Л. Степанова мен Ә. Қодар. Нақты зерттеуге түсетін өлеңнің лингвопоэтикалық элементтері: теңеу – 3, метафора – 4, эпитет – 2, мәдени сөздер – 3 (тымақ, Алаш, қазан-ошақ).

Аталмыш элементтер түпнұсқа/аударма жұбында салыстырмалы лексико-семантикалық және құрылымдық талдауға түседі. Аударма талдауынан бұрын өлеңдегі лингвопоэтикалық тіл бірліктері іріктеліп, мәнмәтінде интерпретацияланды. Одан кейін олардың аудармада қандай аударма амалдары көмегімен тәржімаланғаны, қандай мағыналық және формалық өзгерістерге ұшырағандығы анықталып, талқыға түсті. Талдау нәтижесінде тұжырымдар жасалды. Өлең құрылымы түпнұсқа/аударма жұбында буын, бунақ, ұйқас тұрғысынан сандық және әріптік мәнмен салыстырылды.

Нәтижелер

Поэзияның аудармасы туралы әртүрлі пікірлер бар. Сондықтан көптеген аудармашылар аударманың аударылатын тілдің ерекшеліктеріне сәйкес болуы маңызды ма, әлде керісінше, оқырманға басқа елдің мәдениетінің болуын сезіну керек пе, оны анықтай алмайды. Аудармашылар да оқырмандар шығарманың түпнұсқа авторының тілін танитындай етіп аударма ала ма, жоқ па деген күмәні бар, өйткені «оқырмандарға таныс» таңдау арқылы аудармашылар өз тілінің мазмұнын сөзсіз ашады.

Егер аударылатын поэтикалық мәтін поэтикалық канондарға бағынбаса (яғни, шумақтар терцет немесе кватринада ұйымдастырылмауы мүмкін, автор синтаксис пен сөзжасамның белгілі бір ережелерін әдейі бұза алады, ойды аяқтамауы, сөздердің үндестігімен ойнау және т.б.) аудармашының міндеті одан әрі күрделене түседі.

Поэтикалық аударманы жүзеге асыра отырып, аудармашы қажет болған жағдайда басқа тілдік, тіпті поэтикалық формаларды пайдалана отырып, аударылатын тілде жаңа поэтикалық мәтін жасайды. Аудармашы өзінің түпнұсқадан «ауытқуларын» тұжырымдық және эстетикалық ақпараты жағынан аударманың түпнұсқамен баламалы болуымен негіздейді. Бұл жаңа туынды, бірақ түпнұсқаға сәйкес, оқылатын тілдің әдебиетіне әсер етіп, ұлттар мен тілдерді жақындата алады. Аударма туындысы акынның туған жеріне қарағанда аудармашы тілдің елінде сәтті болған жағдайлар бар. Бұл жағдайда аудармашы екі мәдениеттің диалогында делдалға айналады және оның оқырмандары түпнұсқа шығарма авторының тілін сезіне ала ма, бұл автордың адамдарға не жеткізгісі келгенін түсіне ме, тек аудармашыға байланысты.

Сонымен қатар, адам өзінің жеке басы мен талғамынан толықтай алшақтай алмайтынын есте ұстаған жөн, сондықтан кез келген аудармашы аударып жатқан шығарманы өзінше көреді. Бұл, әсіресе, поэтикалық мәтіндерге қатысты, олар өз табиғатында әртүрлі мағыналық реңктерді камтиды және олардың тілі түрлі-түсті метафоралар мен басқа да стильдік құралдарға толы. Осы себептерге байланысты сәйкессіздіктер туындауы мүмкін және жиі кездеседі, бұл аударманың түпнұсқаға сәйкес келмейтінін әрдайым көрсетпейді. Бұл да бір шығарманың аударма нұсқаларының көптігін түсіндіреді.

Талқылау

20 ғасырдағы атақты ақын-аудармашы С.Я. Маршак былай деген:

«Өлеңді аудару – биік, қиын өнер.

Мен бір қарағанда парадоксальді болып көрінетін, бірақ шын мәнінде дұрыс екі ұсынысты алға тартар едім:

Бірінші. Өлеңдерді аудару мүмкін емес.

Екінші. Әр жолы бұл (өлең аудармасы) ерекше жағдай.

Аудармашы өз ісіне осылай қарайтын болса...онда аударма жасай алуы мүмкін. Гейне, Шиллер, Гораций немесе Расул Ғамзатовтан жасалған аударманы оқыған оқырман оның Гейне, Шиллер, Гораций және Расул Ғамзатовтың өлеңдерін шын мәнінде оқығанына, аудармашы маңызды, негізгі нәрселерді жоғатпай, ақынның шынайы ойлары мен сезімдерін жеткізгеніне сенімді болуы керек. Сонымен бірге, аударманың еркіндік дәрежесі мен дәлдігі әртүрлі болуы мүмкін – екеуінің де өзіндік ерекшеліктері бар. Ең бастысы аударылатын ақынның шынайы келбетін, заманы мен ұлтын, ерік-жігерін, жан дүниесін, мінезін, темпераментін жеткізу» [5, 23 б.].

Көптеген ақын-аудармашылар поэтикалық аудармада «алтын ортаны» іздеді. Н.С. Гумилев «Аудармашының тоғыз өсиетінде» поэтикалық көркем аударманың тоғыз қағидасын алға тартады. Аудармашының өзі ақын, зерттеуші және сыншы болуы керек дейді. Н.С.Гумилев түпнұсқаға аналитикалық-шығармашылық көзқарастың маңыздылығы туралы айтады, онда әр авторға тән өзіндік сипаттарын тандап алу керек, нені сақтау керек және автордың жеке басын ғана ойлап, өзінің жеке басын ұмыту керек. Гумилев екі ақындық тұлғаның идеалды қосылуын армандады. Ол интуицияны жоққа шығарып, аудармашыдан шет тілді ақынның поэтикалық әлеміне еніп, оны зерттеп, осы дүниені сыни тұрғыдан түсінуді талап етті [6, 67 б.].

Л.С. Бархударовтың пікірінше, поэтикалық шығармаларды аударудағы қиындықтар «екі тілдің құрылымының айырмашылығы мен поэтикалық мәтіндерге қойылатын қатаң ресми талаптарға» байланысты [7, 41 б.].

К.И.Лео́нтьеваның пікірінше, поэтикалық мәтінді «экстралингвистикалық, прагматикалық, әлеуметтік-мәдени, психологиялық және

басқа факторлардың қысымымен жұмыс істейтін, нәтижесінде барлық мағыналарды жинақтауға қабілетті таза лингвистикалық-мәдениден бірегей субъективтіге дейінгі көркем құрылымды семантикалық тұтастық» деп анықтауға болады [8, 100 б.].

Мәтіннің бұл сипаты ақпарат тығыздығының жоғары деңгейін анықтайды. Сонымен бірге ақын өз жоспарын поэтикалық мәтіннің осы күрделі ақпараттық жүйесінің барлық құрамдас бөліктерінің бірлігі мен өзара әрекеті арқылы жүзеге асырады. Л.Т.Идиатуллинаның пікірінше, поэтикалық шығармалар бір-бірімен әсерлесе отырып, оқырман санасында «белгілі бір синтетикалық әсер» тудыратын элементтердің: ырғақ, әуен, шумақ, стилистиканың күрделі кешені болып табылады [9, 46 б.].

С.Ф.Гончаренко поэтикалық мәтін ақпаратын семантикалық және эстетикалық деген екі түрге бөледі [10, 107 б.]. Семантикалық ақпарат өз кезегінде фактілік және концептуалды болып екіге бөлінеді [11, 372 б.]. Фактуальды – бұл нақты немесе ойдан шығарылған әлемде болған, бар немесе болатын кез келген фактілер немесе оқиғалар туралы ақпарат. Концептуалды ақпарат автордың дүниенің қандай екендігі туралы тұжырымын білдіреді. Бұл ақпарат әрқашан жасырын болып табылады. Ол фактілік мазмұнды пайдалана отырып, мәтінде жүзеге асады. Сөйтіп, мағына мазмұнның формасына айналады.

Поэзияда эстетикалық ақпарат көбінесе фактілік және концептуалды ақпараттан басым болады. С.Ф. Гончаренконың пікірінше, эстетикалық ақпарат – эстетикалық ақпараттың өзін қамтитын күрделі кешен (оқырманның мазмұнның формаға сәйкестігін бағалауы және керісінше); катартикалық (мәтіннің көркемдік құрылымының әртүрлі деңгейлері арасындағы қайшылық); гедонистік (оқырманның поэзиядан алатын ләззаты); аксиологиялық (оқырманның Әдемі әлем туралы бейнесін қалыптастыру); суггестивті (оқырманның санасына әсер ету) [10, 108 б.]. Сонымен, поэтикалық мәтіннің ерекше құрылымдық ұйымы болады. К.И.Леонтьеваның пікірінше, поэтикалық мәтіннің лингвистикалық (нақты тілдік), экстралингвистикалық және ішкі экспрессия формаларын қамтитын көп деңгейлі құрылымы бар [8, 101 б.]. Поэтикалық мәтіннің құрылымын толығырақ қарастыра отырып, К.И.Леонтьева графикалық, дискурсивті, фонетикалық және лингвистикалық формаларды анықтайды. Графикалық формаға мағыналарды өзектендіруші әр түрлі ұзындықтағы жолдар, ақынның эстетикалық және эмоционалдық көңіл-күйін түсінуге көмектесетін тыныс белгілері, бояу мен шрифт таңдау, түпнұсқа емлесі және т.б., дискурсивті формаға поэтикалық ырғақ жатады. Поэзия белгілі бір ырғақпен сипатталады, ол метрикалық бірліктермен көрсетіледі.

Яғни, поэзия ол оның ішкі және сыртқы формасының үйлесімі. Және поэтикалық аудармада да бұл заңдылық сақталуы қажет. Ендеше, нақты зерттеу нысаны болып отырған өлең аудармасының талдауына өтсек:

Кесте 1. «Сүйемін» өлеңінің түпнұқасы мен орыс, ағылшын тіліндегі аудармалары (буын, бунақ, ұйқасқа талданған)

Түпнұсқа	Л. Степанованың аудармасы «Люблю»	Ә. Қодардың аудармасы «Люблю»	Ағылшын тіліндегі авторлар аудармасы «I Love»
4 3 Күлдей күңгірт// шапы бар// а 4 3 Тоқсан бесте// жасы бар, // а 4 3 Көз дегенің// – сұп-сұр көр// а 4 3 Тасбиқ сапап// бүгілің// б 4 3 Жерге қарап// үнілің// б 4 3 Көрше ауыр// күрсівер// а	5 5 Седому пепту// волосы под стать, // а 5 5 И лет немало// – девяноста пять, // а 3 7 Глаза ее //как две магильных ниши// б 5 5 Судне пальцы// четки теребят // а 6 И намертво к земле// прикован взгляд// а 2 8 Вздохнет// – едва шаги мои застыли// а 6 Но и такую мать// свою люблю...// в	5 2 6 Ее волосы //как бы //посыпаны пептом, // а 2 5 6 Она //- еле живая// и полу ослепла// а 6 3 4 Скоро будет ей сто//, копь 6 Аллах// ей поможет// б 5 7 И сидит она// четки перебирая// в 3 4 5 Не зная// осталось ей// сколько до рая// в 6 6 Могильную сырость// уж чувствуя кожей. // б 5 8	3 4 I have got //an old mother // а 3 4 With hair //as grey as ash// б 4 She is ninety nine//, blind as a bat// в 4 3 She bows staring// at the ground // в 2 5 Counting //her rosary beads// г 3 She sighs hard// в 4 The death// is near// а 4 I don't know why// д
4 3 Менің бір қарт// анам бар// а 4 3 Неге екенің// білмеймін –// в 4 3 Сол аяамты// сүйемін!// в [12, 123 б.]	6 4 А вот за что люблю// и почему// – в 4 //Сам не пойму. // в [13, 94 б.]	Эта мать моя// бедная в старости тяжелой. // в 6 4 Другим мне этого// не объяснить, // д 7 3 Но я не могу ее// не любить// д [14, 19-20 бб.]	2 4 I love //that my mother// а
3 4 Көзіңде //көк нұры жок// а 3 5 Аузыңда// жұмақ жыры жок// а 3 5 Жалынсыз// усы құшағы// б 4 3 Нірілмейді //жылаңдай// в 4 3 Сөзі де жок// құраңдай// в	6 4 Небесный свет в глазах// давно потух// а 5 5 Не утешает// райским пением слух// а 4 4 В объятиях //- ни пламени// 3 ни яда// б	4 8 В глазах ее// нет занебесного света// а 6 6 Из уст не услышишь// ни слова привета// а 6 6 В объятиях нет страсти, //зовущей к безумствам// б 4	3 3 I have got //a wild wife// а 4 3 There is no spark// in her eyes// б 7 No sweet heaven melody// 3 in her voice// б 2 5

3 5 Білгені// – қазан- опағы// 6 5 3 Жабайы ғана// жарым бар// г 3 4 Неге екенін// білмеймін –// а 4 3 Сол жарымды// сүйемін// а [12, 123 б.]	5 Змеей не вьется// возле ног моих// а 2 5 А речь!// – Коран не знает// 3 слов такис// а 4 7 Казан, очар// – ей большого не надо// 6 5 5 Жену-дикарку// все равно люблю// г 6 4 А вот за что люблю// и почему// – г 5 //Сам не пойму// г [13, 94 б.]	4 В постели она// - не тигрица// 3 не дьявол// в 6 Не умеет дерить// спокойная нравом// 6 6 Сильна лишь в искусстве// 6 возиться с посудой. // г 6 7 Это женка моя// неказистая с виду// г 6 4 Другим мне этого// не объяснить// д 6 3 Но я не могу ее// не любить// д [14, 19-20 бб.]	Flameless// poisonless embrace// 6 3 3 She doesn't twist//like a snake// в 7 3 There is no consolation// in her words// 6 3 All she knows//is pot-bearth// 6 4 I don't know why// д 6 But I love// that my wife// а
4 3 Ұйқы басқан //қабаяғы// а 5 3 Бастыра кшен// тымағын// а 3 4 Жалқаулықты//жар көрген// б 2 5 Жүрген //ескі занымен// б 4 3 Алдыңдағы// малымен// б 4 3 Бірге жусап, //бірге өрген// б 4 3 Алаш деген// елім бар// в 4 3 Неге екенін//білмеймін –// г 4 3 Сол елімді//сүйемін// г [12, 123 б.]	5 Вполглаза смотрит// – век не разлепить// а 5 С подружкой-ленью// ходит по степи// а 7 В надвинутом на брови// 4 малахзе// б 2 5 Живет// как жили предки// 3 испокон. // в 5 5 Бредет отара,// а за нею он –// в 5 Пасутся вместе// вместе отдыхают...// а 6 4 И это мой Алаш// его люблю, // г 6 4 А вот за что люблю// и почему //– г 4 Сам не пойму// г	5 7 Всегда пребывающий// в полупремоте// а 6 Всегда в малахзе// что скроет зевоту// а 5 7 Избравший лишь лень// себе вечной опорой. // б 6 6 По старым заветам// все также живущий// б 6 С отарой встающий// с отарой бредущий// б 6 7 Есть народ мой Алаш// на движенье нескорый// б б Другим мне этого// не объяснить// в 7 3 Но я не могу его// не любить// в	3 I have got// the people Alash// а 2 4 Who are// always sleepy// б 5 4 And wearing tymak// pulling it down// в 5 4 Getting laziness// as a loved one// в 5 Following old rules// г 4 With cattle in front// д 5 5 They graze together// and rest together// е 4 I don't know why// ж 6 I love//that my people// з ж *Alash – the whole Kazakh people *tymak – Kazakh national headdress

Бірінші шумақ ақынның анасының ағарған шашын сипаттайтын күлдей күңгірт шашы бар деген теңеуден басталады. Орыс тіліне Ә. Қодар *Ее волосы как бы посыпаны пеплом* – шашына күл сепкендей деп түпнұсқада жоқ үстеме (посыпаны) мағына қосып тәржімаласа, Л. Степанова *Седому пеплу волосы под стать* деп сипаттайды. Яғни, орыс тіліндегі екі тәржімада да формасындағы шамалы өзгерістерге қарамастан мағына сақталған. Ағылшын тіліне *With hair as grey as ash* деп теңеу қалпын сақтап тәржімаладық. Себебі ағылшын тілінде де *ash grey hair* (күлдей сұр шаш) деген түсінік бар.

Аталмыш шумақтың үшінші жолында анасының қартайғанда көз жанарының солуды сипаттау үшін Көз дегенің – сұп-сұр көр деген метафора қолданысқа түскен. Бірінші аудармашы *Глаза ее как две магильных ниши* деп теңеуге трансформациялап аударса, екіншісінде *полуслепла* деп метафоралық қасиетін жоғалтып, жай мағынасын беретін сөзбен тәржімаланған. Әрі көз дегенің сұп-сұр көр деген көз мүлдем көрмейді деген сөз. Әрі Л. Степанова түпнұсқада екі көз деген нақтылау болмағанымен, как *две магильных ниши* деп сандық конкретизация енгізеді. Бұл түпнұсқадағы мағынаны одан сайын әсірелеп, экспрессиялап жеткізіп тұр. Ағылшын тілінде көздің көру нашарлығын сипаттауда *blind as a bat* (жарғанаттай соқыр) теңеуін қолданады. Аудармада да біз осы теңеуді қолдандық: *She is blind as a bat*.

Ақынның жарына деген сезімін білдіретін екінші шумақ алғашқы жолдарынан түгелдей метафора мен теңеуге құрылған десе болады. Көзінде көк нұры жоқ деген метафораны Л. Степанова *Небесный свет в глазах давно потух* деп, Ә. Қодар *В глазах ее нет занебесного света* деп тәржімалайды. Екеуінде де мағына мен метафоралық форма сақталғанымен, әйел адамның аудармасында ол нұрдың бар болғаны, кейіннен өшкені туралы имплицитті ақпарат тұрса, Ә. Қодар дәл түпнұсқадағыдай жалпы көк нұры жоқ деп аударған. Бұл аударманы аудармашының гендерлік тұрғысынан қарастыру қажеттілігін білдіреді. Ал, ағылшын тіліне *There is no spark in her eyes* деген тәржіманы ұсынамыз.

Келесі Аузында жұмақ жыры жоқ дегенді бірінші аудармада *He услаждает райским пением слух* деп метафораны сақтай отырып, не услаждает слух деген үстеме бейнелілікпен аударса, Ә. Қодар *Из уст не услышишь ни слова привета* деп бейнелілігінен айырып, жай сөзбен аударады. Ағылшын тіліне *No sweet heaven melody in her voice* – даусында әсем жұмақ жыры жоқ деп тәржімаладық. Екінші шумақтың 3-5 жолдары

Жалынсыз, усыз құшағы,

Иірілмейді жыландай,

Сөзі де жоқ құрандай, - деген эпитет және теңеу образдарынан тұрады.

Жалынсыз, усыз құшақ эпитеті Л. Степанованың аудармасында *В объятиях – ни пламени, ни яда* деп мағынасын сақтап аударылғанымен, эпитеттік формасын жоғалтқан, Ә. Қодар болса *В объятиях нет страсти, зовущей к безумствам* деп жалын мен улы модуляция көмегімен тәржімалады. Ағылшын тіліне *Flameless, poisonless embrace* деп мағына мен эпитеттік

формасын сақтап тәржімаладық. *Жыландай иірілмеу* теңеуін бірінші аудармада *Змеей не вьется возле ног моих* деп, екіншісінде *В постели она - не тигрица, не дьявол* деп тәржімаланған.

Сөзі де жоқ құрандай теңеуін бірінші аудармада *А речь! – Коран не знает слов таких* деп модуляция көмегімен тәржімаласа, екінші аудармада *Не умеет дерзить, спокойная нравом* деп тәржімаланған.

Жабайы ғана жарым бар эпитетін Л. Степанова *Жену-дикарку все равно люблю* деп метафораға трансформациялап, ал Ә. Қодар *Это женка моя неказистая с виду* деп жабайы анықтауышын *неказистая* (ұсқынсызбен) алмастырады. Бірақ түпнұсқадағы ғана деген шектік демеулігін аудармада екі аудармашы да жеткізе алмаған. Ағылшын тіліне де *I have got a wild wife* (Жабайы жарым бар) деп демеуліксіз тәржімаланды.

Ал, үшінші шумақта жалқаулықты жаны сүйетін, үнемі жанынан айырылмау мағынасында берілген Жалқаулықты жар көру метафорасы бірінші аудармада *С подружкой-ленью ходит по степи*, яғни подружка-лень деп метафоралық формасын сақтап, бірақ біраз мағыналық өзгеріске ұшыратып аударылса, екіншісінде *Избравший лишь лень себе вечной опорой* деп жардың атқаратын бір функциясымен (вечная опора – мәңгі тірек) атап аударарды. Демек, екі аудармада да жалқаулықты жар көру метафорасы аудармада толық эквиваленттілікке ие болмаса да, формасын сақтап, жалпы мағынасын жеткізіп тұр. Ағылшын тіліне *Getting laziness as a loved one* (жалқаулықты сүйіктісі ретінде көру) деп метафора қалпында тәржімаланды.

Өлеңде көрініс тапқан *Алаш, тымақ, қазан-ошақ* мәдени сөздердің аудармасына тоқталсақ. Тымақ сөзі орыс тіліндегі екі аудармада да мақсатты мәдениетке бейімделіп, *малахай* деп, Алаш сөзі Алаш деп сол қалпында сақталып, тәржімаланған. Ал, қазан-ошақ сөзі бірінші аудармада транскрипция көмегімен *Казан, очаг* деп, Ә. Қодардың аудармасында *Сильна лишь в искусстве возиться с посудой* деп экспликациялап тәржімаланған. Ағылшын тіліне *All she knows is pot-hearth* (бар білгені – қазан-ошағы) деп мақсатты мәдениеттегі эквивалентімен аударылды. Ал, Алаш, тымақ сөздерін ағылшын тіліне транскрипциялар тәржімалап, мәтін соңында түсіндірме берілді (Кесте 1).

Кесте 2. «Сүйемін» өлеңінің түпнұсқа және аудармаларының құрылымдық талдауы

Шумақ	Түпнұсқа	Л. Степанованың аудармасы	Ә. Қодардың аудармасы	Ағылшын тіліндегі аударма
Бірінші шумақ	ааббаавв, 7 буын	ааббааввв, 10 буын	а а б в в б в д л 10, 12, 13 буын	абввгвада, 3, 4, 6, 7, 9 буын
Екінші шумақ	аабввбгее, 7-8 буын	ааббаабгг, 10-11 буын	аабввбггдд 10, 11, 12 буын	абббвббда, 4, 6, 7, 9, 10 буын
Үшінші шумақ	ааббббвгг, 7-8 буын	аабвваггг, 10-11 буын	аабббббвв 10, 12 буын	абввгдежз, 3, 4, 5, 6, 7, 9

Кестеден көріп отырғанымыздай, түпнұсқа үш шумақ, әр шумағы 9 жолдан құралған. Әр жолы 2 бунақтан (Кесте-1 қараңыз) және көбінесе 7 буынға, тек кейбір тұстарында 8 буынға негізделген. Ұйқас еркін болғанымен де белгілі бір заңдылыққа бағынып, әуезділік беріп тұр. Және әр шумақтың соңы *Неге екенін білмеймін, Сол.....сүйемін* деп бірдей деп аяқталады. Л. Степанованың аудармасында да ұйқасы әуезді, негізінен 10 буынға құралған. Ал, Ә. Қодардың аудармасында ұйқастың өзіндік заңдылығын көріп тұрмыз, буын сандарының арасындағы амплитуда алыс емес. Ағылшын тіліндегі аудармаға келер болсақ, ағылшын тілінің құрылымдық ерекшелігіне сай, буын саны 3 пен 10-ның арасында. Ұйқасқа келгенде ағылшындық өлең жазу мәнеріне сүйендік. Яғни, ағылшын және американдық поэзия Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін дұрыс өлшем мен рифмадан бас тартты. Айта кету керек, бұл біртіндеп емес, күрт, демонстрациялық түрде болды, бұл наразылық, соғыстан кейін және одан кейінгі кезеңдерде ескірген және (көпшіліктің көз алдында) тіпті жалған және екіжүзді деп қабылданған осындай көркемдік және эстетикалық ұғымдарды анықтайтын гүлденген және қалыптасқан өмір салтынан бас тарту болды. Қазақ құлағына бұл толық емес рифма түрі ағылшын поэзия оқырманы үшін дәстүрлі толық рифмамен бірдей естіледі. Яғни, аудармада түпнұсқа және аударма тілінің әдеби нормаларын да есепке алу маңызды. Аталмыш мәселені Б. Мизамхан «Заманауи аударма ғылымы зерттеулеріндегі дискурс мәселелері» атты мақаласында жан-жақты талқылап, көркем аударманы екі мәдениет арасында орын алатын шығармашылық акт ретінде қабылдау негіздерін көрсетеді [15].

Қорытынды

Мақалада М. Жұмабаевтың «Сүйемін» өлеңіндегі көркемдік-бейнелеуіш құралдары (теңеу, эпитет, метафора) мен қазақ халқына тән мәдени сөздердің (қазан-ошақ, тымақ, Алаш) орыс (екі нұсқада), ағылшын тілдеріне (авторлар ұсынған) аударылу амалдары, аудармашылар қолданған трансформация түрлері және олардың түпнұсқаның идеясы немесе автордың идиостилине қаншалықты әсер еткені интерпретацияланды. Лингвопоэтикалық элементтер болып табылатын көркемдік-бейнелеуіш құралдар, мәдени колоритке ие сөздер поэтикалық мәтінде өте маңызды когнитивті, эстетикалық функция атқарады. Түпнұсқа/аударма жұбында жасалған салыстырмалы лексико-семантикалық, құрылымдық талдау аудармашылардың түпнұсқаның мазмұнына әсер ететін өрескел алшақтықтардың орын алмағаны анықталды. Ер аудармашы Ә. Қодардың аудармасынан әйел адам Л. Степанованың аудармасымен салыстырғанда көркемдік құралдарды аударуда эмоция мен экспрессивтіліктің әлсіреуі, прагматизмнің басымдылығы байқалады.

Нақты айтар болсақ, Л. Степанованың аудармасында жалпы 11 көркемдік-бейнелеуіш құралдың 7-і формасы мен мағынасын толық сақтаған. Ә. Қодардың аудармасында тек 4-і сақталған және бір жағдайда теңеу метафораға трансформацияланып тәржімаланған. Ағылшын тіліндегі

аудармада көркемдік-бейнелеуіш құралдың 8-і сақталған және бір жағдайда метафора теңеу қалпында тәржімаланды. Ал, өлеңнің сыртқы құрылымы мен пішінін тұжырымдайтын болсақ, әр аударма түпнұсқадағы өлең өлшемін дәл қайталамаса да, белгілі бір поэтикалық форманы сақтап, өзіндік әуезділікке ие.

Қорытындылай келе, бейнелеп айтсақ, аудармашы – суретші, актер, музыкант, делдал, көпір салушы, матч, фотограф, бәсекелес, трансформатор, сатқын, құл, саяхатшы, саудагер, репортер, рұқсат етуші, және таң жұлдызы. Поэзия аудармашысы сонымен қатар түпнұсқа және аударма мәдениетінен, әдеби тілінен мол хабары бар ақын болуы қажет.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын AP19175235 «М. Жұмабаев поэзиясының лингвопоэтикасы: аударылу ерекшеліктері мен стратегиялары» ғылыми жобасы аясында жазылды.

ӘДЕБИЕТ

[1] Алексеева И. С. Введение в переводоведение. – СПб.: ACADEMIA, 2012. – 368 с.

[2] Сдобников В. В., Петрова О. В. Теория перевода. – М.: АСТ: Восток-Запад, 2007. – 448 с.

[3] Weissbort D. Translating Poetry: The Double Labyrinth. – University of Iowa Pr. August, 1989. – 180 p.

[4] Robinson P. Poetry & Translation: The Art of the Impossible (Poetry and LUP) Paperback. – Liverpool University Press, 2021. – 256 p.

[5] Маршак С.Я. Портрет или копия? (Искусство перевода). Собрание сочинений в 4-х томах. Том 4 (статьи, заметки, воспоминания). – М.: Правда, 1990. – 453 с.

[6] Гумилёв Н. С. Письма о русской поэзии [Текст] / Г. М. Фридлендер, Р.Д. Тименчика. // Переводы стихотворные. – М.: Современник, 1990. – 383 с.

[7] Бархударов, Л. С. Язык и перевод: вопросы общей и частной теории перевода. – М.: ЛКИ, 2010. – 240 с.

[8] Леонтьева К. И. Сверхсемантизация формы поэтического текста как проблема перевода // *Lingua mobilis*. – 2012. – № 1 (34). – С. 100-115.

[9] Идиатуллина Л. Т. The problem of poetry's translation in the works of the modern scientists // Вестник Казанского государственного университета культуры и искусств. – 2010. – № 1. – С. 44-49.

[10] Гончаренко С. Ф. Поэтический перевод и перевод поэзии: константы и вариативность // Тетради переводчика: науч.-теор. сб. Вып. 24 / под ред. С. Ф. Гончаренко. – М.: МГЛУ, 1999. – С. 107-122.

[11] Abdullayeva A.A., Ashimkhanova S.A., Koras Hikmet. Translation features of Kazakh paremiological units into Russian and English (on the material of K. Zhumadilov's novel «Daraboz») // Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL. Series "Philological Sciences". – 2025. – No. 1 (76). – P. 369-380. DOI: <https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.1.76.025>

- [12] Жұмабаев М. Шығармалар жинағы. – Алматы: Санат, 1995. – 258 б.
- [13] Жұмабаев Мағжан. Пророк. Стихи, поэмы, рассказ. Перевод с казахского. Составитель Б. Канапьянов. – Астана: Аударма, 2010. – 368 с.
- [14] Жұмабаев Мағжан. Стихи, проза и литературные исследования: сборник / М. Жұмабаев. – Петропавловск: Акимат Сев. – 2006. – 320 с.
- [15] Mizamkhan B., Kulmakhanova N.M., Saimkulova Sh., Akysh N. Discourse issues in modern translation science research // *Man in India*. – 2017. – 97(21). – P. 691-696.

REFERENCES

- [1] Alekseeva I. S. Vvedenie v perevodovedenie [Introduction to Translational Studies]. – SPb.: ACADEMIA, 2012. – 368 s. [in Rus.].
- [2] Sdobnikov V. V., Petrova O. V. Teoriya perevoda [Translation theory]. – M.: AST: Vostok-Zapad, 2007. – 448 s. [in Rus.].
- [3] Weissbort D. Translating Poetry: The Double Labyrinth. – University of Iowa Pr. August, 1989. – 180 p.
- [4] Robinson P. Poetry & Translation: The Art of the Impossible (Poetry and LUP) Paperback. – Liverpool University Press, 2021. – 256 p.
- [5] Marshak S.YA. Portret ili kopiya? (Iskusstvo perevoda). Sbornik sochinenij v 4-h tomah. Tom 4 (stat'i, zametki, vospominaniya) [Portrait or copy? (The Art of Translation). Collected works in 4 volumes. Volume 4 (articles, notes, memories)]. – M.: Pravda, 1990. – 453 s. [in Rus.].
- [6] Gumilyov N. S. Pis'ma o russkoj poezii [Letter about Russian poetry] / G. M. Fridlender, R.D. Timenchika. // *Perevody stihotvornye*. – M.: Sovremennik, 1990. – 383 s. [in Rus.].
- [7] Barhudarov L. S. Yazyk i perevod: voprosy obshchej i chastnoj teorii perevoda [Language and translation: issues of general and specific theory of translation]. – M.: LKI, 2010. – 240 s. [in Rus.].
- [8] Leont'eva K. I. Sverhsemantizaciya formy poeticheskogo teksta kak problema perevoda [Over-semantization of the form of a poetic text as a problem of translation] // *Lingua mobilis*. – 2012. – № 1 (34). – S. 100-115. [in Rus.].
- [9] Idiatullina L. T. The problem of poetry's translation in the works of the modern scientists // *Vestnik Kazanskogo gosudarstvennogo universiteta kul'tury i iskusstv*. – 2010. – № 1. – S. 44-49.
- [10] Goncharenko S. F. Poeticheskij perevod i perevod poezii: konstanty i variativnost' [Poetic translation and translation of poetry: constants and variability] // *Tetradi perevodchika: nauch.-teor. sb. Vyp. 24 / pod red. S. F. Goncharenko*. – M.: MGLU, 1999. – S. 107-122. [in Rus.].
- [11] Abdullayeva A.A., Ashimkhanova S.A., Koras Hikmet. Translation features of Kazakh paremiological units into Russian and English (on the material of K. Zhumadilov's novel «Daraboz») // *Bulletin of Ablai Khan KazUIR and WL. Series "Philological Sciences"*. – 2025. – No. 1 (76). – P. 369-380. DOI: <https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.1.76.025>
- [12] Jūmabaev M. Şyğarmalar jınaғы [Selection of works]. – Almaty: Sanat, 1995. – 258 b. [In Kaz.].

[13] Zhumabaev Magzhan. Prorok. Stih, poetry, rasskaz. Perevod s kazanskogo [Prophet. Poems, proses, story. Translation from Kazakh]. Sostavitel' B. Kanap'yanov. – Astana: Audarma, 2010. – 368 s. [in Rus.].

[14] Zhumabaev Magzhan. Stih, proza i literaturnye issledovaniya: sbornik [Poems, prose and literary studies: collection]. – Petropavlovsk: Akimat Sev. – 2006. – 320 s. [in Rus.].

[15] Mizamkhan B. , Kulmakhanova N.M., Saimkulova Sh., Akysh N. Discourse issues in modern translation science research // Man in India. – 2017. – 97(21). – P. 691-696.

ЛИНГВОПОЭТИКА СТИХОТВОРЕНИЯ МАГЖАНА ЖУМАБАЕВА «ЛЮБЛЮ» И ЕГО ПЕРЕВОД НА РУССКИЙ И АНГЛИЙСКИЙ ЯЗЫКИ

*Алпысбаева А.Е.¹, Манапбаева Ж.Ж.²,
Молдасанова А.А.³, Шолахова А.А.⁴

*¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби
Алматы, Казахстан

^{2,3,4}Международный университет информационных технологий
Алматы, Казахстан

Аннотация. В статье рассматривается лингвопоэтика стихотворения Магжана Жумабаева «Люблю» (художественно-изобразительные средства, культурная лексика, внешняя форма стихотворения) и особенности его перевода на русский и английский языки.

Научная цель, основные направления и идеи исследования – перевод поэзии всегда относится к отдельной категории переводов, поскольку поэзия как жанр требует особого внимания переводчика. Специфика поэтического текста зависит от его культурных и национальных особенностей, а также от структурных особенностей языка, на котором он написан. Поэтому целью исследовательской работы является определение и формулирование содержательно-структурных преобразований и закономерностей перевода поэзии с казахского языка на русский и английский языки на основе стихотворения Магжана Жумабаева «Люблю».

Научная и практическая значимость исследования заключается в том, что в статье подробно рассматриваются мысли ученых, касающиеся возможных переводческих проблем в поэтическом переводе. Это составляет теоретическую ценность исследования. Проанализировав два варианта перевода на русском языке в сравнении с оригиналом, авторы предлагают оригинальную версию английского перевода и указывают на практическую ценность данной работы.

Краткое описание методики исследования – проведен сравнительный семантический и структурный анализ внутренней и внешней формы стихотворения в паре оригинал/перевод.

Основные результаты и анализ исследовательской работы, выводы – основной задачей перевода стихов является сохранение не только смыслового,

но и структурного, стилистического, художественного и образного единства текста. С этой целью в процессе перевода поэтических произведений можно использовать семантическое развитие образов для достижения целостности структуры и содержания стихотворения. В результате анализа было высказано предположение, что на перевод, помимо языковых и культурных особенностей, также повлияла гендерная личность переводчика.

Ценность исследования и практическая значимость результатов работы заключается в том, что переводы поэзии М. Жумабаева на русский и английский языки не изучены с точки зрения лингвопоэтики в отечественной науке перевода. Поэтому результаты анализа будут не только определять качество переводов стихотворений поэта, но и способствовать их переводу на более высоком уровне.

Ключевые слова: Мағжан Жұмабаев, поэзия, лингвопоэтика, поэтический перевод, стиль, средства художественной выразительности, рифма, ритм

LINGUOPOETICS OF MAGZHAN ZHUMABAYEV'S POEM "I LOVE" AND ITS TRANSLATION INTO RUSSIAN AND ENGLISH LANGUAGES

*Alpysbayeva A.E.¹, Manapbayeva Zh.Zh.²,

Moldassanova A.A.³, Sholakhova A.A.⁴

*¹al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

^{2,3,4} International University of Information Technologies, Almaty, Kazakhstan

Abstract. The article examines the linguistic poetics of Magzhan Zhumabaev's poem "I Love" (artistic and visual means, cultural vocabulary, external form of the poem) and the features of its translation into Russian and English.

Scientific goal, main directions and ideas of research is that the translation of poetry always belongs to a separate category of translations, since poetry, as a genre requires special attention from the translator. The specificity of a poetic text depends on its cultural and national characteristics, as well as on the structural features of the language in which it is written. Therefore, the purpose of the research work is to identify and formulate the content-structural transformations and patterns of translation of poetry from Kazakh into Russian and English based on the poem "I Love" by Magzhan Zhumabayev.

Scientific and practical significance of the study lies in the fact that article examines in detail the thoughts of scientists concerning possible translation problems in poetic translation. This is the theoretical value of the study. Having analyzed two versions of the translation in Russian in comparison with the original, the authors propose the original version of the English translation and point out the practical value of this work.

A brief description of the research methodology – a comparative semantic and structural analysis of the internal and external forms of the poem in the original/translation pair was carried out.

Main results and analysis of the research work, conclusions – the core task of translating poetry is to preserve not only the semantic, but also the structural, stylistic, artistic and figurative unity of the text. To this end, in the process of translating poetic works, the semantic development of images can be used to achieve the integrity of the structure and content of the poem. As a result of the analysis, it was suggested that the translation, in addition to linguistic and cultural characteristics, was also influenced by the gender identity of the translator.

The value of the research and the practical significance of the results of the work lies in the fact that the translations of M. Zhumabaev's poetry into Russian and English have not been studied from the point of view of linguopoetics in the domestic science of translation. Therefore, the results of the analysis will not only determine the quality of translations of the poet's poems, but also contribute to their translation at a higher level.

Keywords: Magzhan Zhumabaev, poetry, linguopoetics, poetic translation, style, means of artistic expression, rhyme, rhythm

Мақала түсті: 04 наурыз 2024

Авторлар туралы мәлімет:

Алпысбаева Айгүл Ерболатқызы – PhD, ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: aygul.alpysbaeva.91@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5947-6084>

Манапбаева Жаннура Жарқанбековна – PhD, Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: zh.manapbayeva@iitu.edu.kz, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4650-1727>

Молдасанова Айсулу Аблакимовна – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: d.moldassanova@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8025-729X>

Шолахова Айжана Абдугазиевна – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: sholakhovaa@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-5974-3672>

Информация об авторах:

Алпысбаева Айгүл Ерболатқызы – PhD, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, e-mail: aygul.alpysbaeva.91@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5947-6084>

Манапбаева Жаннура Жарқанбековна – PhD, Международный университет информационных технологий, Алматы, Казахстан, e-mail: zh.manapbayeva@iitu.edu.kz, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4650-1727>

Молдасанова Айсулу Аблакимовна – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Международный университет информационных технологий, Алматы, Казахстан, e-mail: d.moldassanova@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8025-729X>

Шолахова Айжана Абдугалиевна – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Международный университет информационных технологий, Алматы, Казахстан, e-mail: sholakhovaa@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-5974-3672>

Information about the authors:

Alpysbaeva Algul Erbolatkyze – PhD, al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: aygul.alpysbaeva.91@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5947-6084>

Manapbayeva Zhannura Zharkanbekovna – PhD, International University of Information Technologies, Almaty, Kazakhstan, e-mail: zh.manapbayeva@iitu.edu.kz, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4650-1727>

Moldassanova Aisulu Ablakimovna – Candidate of Philology, Associate Professor, International University of Information Technologies, Almaty, Kazakhstan, e-mail: d.moldassanova@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8025-729X>

Sholakhova Aizhana Abdugaliyevna – Candidate of Philology, Associate Professor, International University of Information Technologies, Almaty, Kazakhstan, e-mail: sholakhovaa@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-5974-3672>